

Базарбаева Т.А., Төлепова С.Т.,
Темирбаева К.А.

**Қазақстан Республикасының
рекреациялық ресурстарының
экологиялық жағдайы**

Мақалада Қазақстан Республикасының аумағындағы рекреациялық ресурстар зерттеліп, олардың қазіргі экологиялық жағдайына баға беріледі. Зерттеудің негізгі мақсаты рекреациялық ресурстардың экологиялық жағдайын ескере отырып, оларды тиімді пайдалану болып табылады. Зерттеу барысында рекреациялық ресурстар түсінігі толық ашылып, олардың классификациясы келтіріледі, оның туризмдегі және адам денсаулығы үшін маңызы анықталады. Рекреациялық ресурстардың негізінде туризмді дамыту бойынша SWOT талдау құрастырылады. Зерттеу негізінде Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудағы рекреациялық ресурстардың маңызы туралы айтылады. Еліміздің аумағында рекреациялық ресурстардың таралу ерекшеліктері қарастырылып, олардың қай аймақ территориясында басым екендігі анықталып, зерттеу нысаны ретінде экологиялық жағдай Бурабай-Щучье курорттық аймағы мысалында бағаланады. Зерттеу нысаны аумағындағы қазіргі жағдай толық баяндалып, аймақта туындаған экологиялық мәселелердің негізгі себептері анықталып, оларды шешу жолдары мен ұсыныстары беріледі. Зерттеу статистикалық мәліметтерге, мұрағаттық есептер мен құжаттарға сүйене отырып, бақылау, талдау әдістері арқылы іске асырылды.

Түйін сөздер: рекреация, рекреациялық ресурстар, туризм, экологиялық жағдай.

Bazarbaeva T.A., Tolepova S.T.,
Temirbayeva K.A.

**Ecological condition of
recreational resources of the
Republic of Kazakhstan**

In this article studied the recreational resources on the territory of the Republic of Kazakhstan, assessment of their present ecological status. The main aim of the research is the effective use of recreation resources with regard to their ecological status. The study has been fully revealed, the concept of «recreational resources», given their classification, defined the importance for tourism and human health. For the development of tourism based on recreational resources was compiled by SWOT analysis. The study emphasizes the importance of recreational resources in the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan. The peculiarities of the development of recreational resources throughout the country, their strengths in certain regions, assess the ecological status as object of study on the example of resort zone Burabay-Kazakhstan. The full description of the current situation on the territory of the object of study, the main causes for the current environmental problems in the area of the proposed ways of their solution. The study was conducted using the methods of monitoring and analysis based on statistical data, archival reports and documents.

Key words: recreation, recreational resources, tourism, ecological condition.

Базарбаева Т.А., Төлепова С.Т.,
Темирбаева К.А.

**Экологическое состояние
рекреационных ресурсов
Республики Казахстан**

В данной статье изучены рекреационные ресурсы на территории Республики Казахстан, дана оценка их современному экологическому состоянию. Основной целью исследования является эффективное использование рекреационных ресурсов с учетом их экологического состояния. В ходе исследования было полностью раскрыто понятие «рекреационные ресурсы», приведена их классификация, определено значение для туризма и здоровья человека. Для развития туризма на основе рекреационных ресурсов был составлен SWOT-анализ. Исследование подчеркивает важность рекреационных ресурсов в развитии туристической отрасли Республики Казахстан. Рассматриваются особенности развития рекреационных ресурсов на территории страны, определены их преимущества в определенных регионах, оценивается экологическое состояние в качестве объекта исследования на примере курортной зоны Бурабай-Щучье. Исследование проведено с использованием методов контроля и анализа на основе статистических данных, архивных отчетов и документов.

Ключевые слова: рекреация, рекреационные ресурсы, туризм, экологическое состояние.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ
РЕСУРСТАРЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫ****Кіріспе**

Қазіргі кезде тұрақты дамудың әлеуметтік экономикалық категориядан басқа қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстық әлеуетті тиімді пайдаланумен қатар туризм саласының қалыптасып дамуына өзіндік байланысы бар. Бүгінде елдің экономикалық дамуы экологиялық, географиялық, туристік факторлармен тығыз байланыста. Қоғамның әлеуметтік экологиялық туристік даму моделдері ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттелуде (Barzykin 2010:115).

Әлемдік туризмнің қарқынды дамуына байланысты Қазақстанның жекелеген өңірлеріне деген сұраныс күннен-күнге артып келеді. Еліміздің жеке өңірлері туризмнің қалыптасып, тұрақты дамуына мүмкіндік беретін туристік-рекреациялық ресурстармен қамтамасыз етуші болып табылса, екінші жағынан туризм арқылы әлеуметтік экономикалық мәселелерін шешу өңірдің экономикасының өркендеуіне алғышарт жасай алатындай мүмкіндіктері бар мультипликативті нәтижеге ие болуымен ерекшеленеді (Жолдасбеков 2000: 38).

Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарының жағдайы туралы қазіргі уақытта көптеген мақалалар жарық көріп, зерттеулер жүргізілген. Мәселен Г.К. Замбинова мен Ш.Т. Бекишева (2015) өздерінің «Ғылыми нәтиже» желілік журналына берген мақаласында Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарына бағалау жүргізіп, олардың аймақтар бойынша таралуын нақты баяндап көрсетіп берген. Және де мақалада туризмді дамытудағы рекреациялық ресурстардың маңызы анықталған. Дегенмен де, мақалада рекреациялық ресурстардың экологиялық жағдайы мен туристердің келуімен туындайтын экологиялық мәселелер туралы сөз қозғалмайды. Келесі осы тақырып аясындағы зерттеулер Есенқабылова А., Бекбулатова А., Сураганова С., Бисеков А., Жуманова Б. (2016) авторлардың Қоршаған орта мен ғылым білімінің халықаралық журналындағы «Қазақстанның рекреациялық потенциалы және осы елде медициналық емдік туризмді дамыту мүмкіндіктері» мақаласында баяндалған. Авторлар еліміздің аумағында кездесетін минералды су көздерін, емдік балшықтар т.б. рекреациялық ресурстарды терең зерттеп, олардың аймақ

бойынша таралуының картасын құрастырған және бағалаулар жүргізген. Ал рекреациялық ресурстардың негізінде экологиялық туризмді дамыту мәселесі Ш. Байжанованың «Қазақстандағы экологиялық туризмнің табиғи ресурстары» мақаласында қарастырған. Автор экологиялық туризм түсінігін толық ашып, Қазақстандағы оны дамытуға мүмкіндік беретін негізгі нысандар мен ресурстарды көрсеткен.

Қазақстан Республикасы рекреациялық ресурстарға бай болып келеді. Дегенмен де, олардың игерілуі аймақтар бойынша біркелкі емес. Рекреациялық аймақтарға демалушылардың келуімен олардың табиғи қалпы бұзылып, бүгінде көптеген өзгерістерге түсуде. Бұл жерден олардың экологиялық жағдайы мәселесі пайда болады. Еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін туризмді дамытуда экологиялық мәселелердің алдын ала отырып дамыту маңызды болып отыр. Ал бұл құбылыс көптеген зерттеулер мен маңызды реттеулерді талап етеді (Плохих 2010: 49).

Мақала жоғарыдағы авторлардың және тағы да басқа осы тақырып аясындағы зерттеушілердің еңбектері мен зерттеулеріне негізделі отырып жазылды. Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарының жағдайы мен олардың туристік саланы дамытудағы маңызы ғана айтылып қоймай, туризмді дамытуда экологиялық жағдайды міндетті түрде ескеру керек. Сондықтан да, рекреациялық ресурстар мен туризм, экологиялық жағдай арасындағы байланыстар мен қатынастардың маңызын ашып алудың рөлі зор.

Зерттеу материалдары мен әдістері

КСРО кезінде рекреация мәселелері бойынша теориялық еңбектер XX ғасырдың 70-80-ші жылдары жарияланып басталды. Қазіргі таңда рекреация адамдардың өмір сүруінде аса маңызды орын алады.

«Рекреация» деген латын тілінен аударғанда *recreatio* – «қайта қалпына келу» деген, яғни адамның қара (физикалық) және рухани күштерін еңбек әрекеті процесінде жұмсалудан қайта қалпына келтіру, оның денсаулығының және жұмыс істеуінің деңгейін көтеру (Алиева 2004: 87). Рекреациялық әрекет белгілі бір территорияның рекреациялық потенциалын анықтайтын рекреациялық ресурстарға негізденеді. Рекреациялық ресурстар деп рекреациялық іс-әрекеттің түрлерін ұйымдастыруда пайдаланатын бірегейлік, тарихи немесе көркемөнерлік баға-

лыққа, эстетикалық ажарлылыққа және емдеу-сауықтыру маңыздылық қасиеттеріне ие болатын табиғи және антропогендік объектілерді түсінеді (Максаковский, 2004). Адамның денсаулығын және еңбек қабілеттілігін қалпына келтіру және ондай жағдайды сақтау ретінде демалуды қамтамасыздандыратын табиғи және мәдени ресурстарының белгілі бір бөлігі рекреациялық ресурстар деп аталады (Герасимов 2006: 221).

Рекреациялық ресурстар – өндіріш күштердің қазіргі деңгейі кезінде қоғамның рекреациялық қажеттілігін қанағаттандыру үшін және халыққа рекреациялық қызмет етуге маманданған шаруашылық саласын ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін табиғи және антропогендік нысандар (<http://www.guambuildupeis.us>). Рекреациялық ресурстарға табиғи кешендер мен оларды құраушылар (бедер, климат, өсімдік, суқойма), мәдени-тарихи ескерткіштер, қалалар мен басқа елді мекендер, ерекше техникалық ғимараттар жатады. Курорттық, сауықтырғыш, спорттық және экскурсиялық-туристік рекреациялық ресурстар болып ажыратылады (Cusco 2012: 189). Рекреациялық ресурстар туризм жүйесімен, туристердің келуі, олардың қоршаған ортамен байланысымен бірігіп үлкен жүйені құрайды. Бұл жүйе элементтері бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді (1-сурет).


Туризмде қолданылатын мақсатты рекреациялық ресурстар қатарына:

- емдік демалыс ресурстары: минералды су, емдік батпақ, климаттық жағдайларды (орман, дала, теңіз және т.б.);
- сауықтыру туризмінің ресурстары: ландшафты климаттық жағдайлар, қолайлы жыл мезгілінің ұзақтығы, көлдік-өзендік жүйесі, теңіз жағасы, суға түсу маусымын;
- спорттық туризм ресурстары: табиғи ортаның өлшемдері (жабдықталған, әдемілік, өзгерлерге ерекше болып көрінетін ерекшеліктер, оның өзіне тән ерекшеліктерін өтуге қиын кедергілер, халықтың сирек орналасуы, т.с.с.);
- экскурсиялық туризм ресурстары: тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер, табиғаттың көрікті орындары этнографиялық және шаруашылық объектілер, мұражай және т.б. жатқызуға болады (Ердаулетов 2009: 336).

Қазақстан туристік-рекреациялық ресурстарға бай болып келеді, әсіресе тартымды тау, рекреациялық, табиғи, сулы, экскурсиялық зоналарды атап кеткен жөн. Бұл жағдай келу туризмін еш кедергісіз дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстан жерінің аумағының көп бөлігін

шөлдер мен шөлейт жаулаған жазықтықтағы мемлекет. Дегенмен де бұған қарамастан еліміз туристік тартымды рельефке ие. Қазақстанның негізгі ерекшелігі басын мәңгі қар басқан биік шыңдарының болуы. Климаттық жағдайына келетін болсақ, еліміздің климатындағы кішігірім кемшілік оның континенттілігі. Жалпы алғанда Қазақстанның климатының адамдардың денсаулығына ешқандай зияны жоқ, керісінше кейбір аймақтар тіпті денге дауа. Қазақстан

су ресурстарына тапшы болып келеді (Плохих 2010: 98). Дегенмен де елімізде көлдер, термалды су бұлақтары көптеп кездеседі. Еліміздің өсімдіктері мен жануарлар әлемі өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Мұнда туристерді тартатын эндемиктер де кездеседі. Дегенмен де еліміз орман қорына бай емес. Рекреациялық ресурстардың ерекшеліктері Қазақстанды халықаралық туризм тұрғысынан тартымды етеді (Zambinova 2015).



1-сурет – Рекреациялық жүйенің базистік моделі

ПК – экожүйелердің шарттары мен ресурстардың табиғи кешені

ТС – техникалық жүйе (материалды-техникалық база)

ОУ – басқару органдары

ГО – демалушылар тобы

ОП – қызмет көрсетушілер жүйенің ішкі байланыстары жүйе аралық байланыстар

---- басқару командалары

••• жүйе аралықтары туралы ақпараттар

I – тұтынушылардың қанағаттануы туралы

II – туристердің сұранысына сәйкестік жағдайы туралы

III – маңызды негіздердің сақталуы туралы

IV – қызмет көрсету жағдайы туралы

Қазақстан территориясында 112 ерекше қорғалатын аймақтар бар, оның ішінде 10 ұлттық парктер болып табылады. Бұл ұлттық парктер санаторлық-курорттық туризмді дамытуға бағытталған, туристік пайдаланумен реттеледі. Өзінің табиғилығымен, сонымен қатар мәденилігімен де ерекшеленетін көрікті орындар, яғни дәстүрлі мәдениет қоршаған ортамен біртұтастықты құрайтын табиғи және табиғи-антропогендік ландшафттар туризмнің нысаны болып келеді. Туризм табиғи территорияға тек қаржылық қолдау ғана көрсетіп қоймайды, олардың сақталуына деген қызығушылықты тудыратын мүмкіндікті де беруі тиіс (A Message of Head of the State of People of Kazakhstan «Nurly Zhol is way in the future» 2015:250). Қазақстан ескі және ерекше тартымды тарихқа ие, мұндай жиырма жеті мыңнан астам ежелгі ескерткіштер кездеседі, атап айтсақ, Сақ қорғандары, Алтын адам, Есік қорғандары және тағы басқалары.

Қазақтарға сонау ата-бабаларынан табиғи өнімдерден түрлі бұйымдар жасауды, табиғи тағам түрлерін тұтыну мұра болып қалған. Энгельстің мәліметтеріне сүйенсек, материалдық мәдениеттің түрлі формаларының сақталуы, оның экономикалық тұрғыдан дамуына негізделген екен. Бұның барлығы туризмнің эффективті тұрғыдан қанат жайып дамуына сәйкес келуі керек. Жалпы алғанда халықаралық нарықта туризмде санаторийге деген қарқынды қызығушылық 8,9 млн адамды құрайды (немесе жалпы потенциалдың 63%) (Suxarev 2012: 254).

2014 жылы туристердің саны мынадай көрсеткіштерге ие болды: қысқа мерзімді саяхаттар мен мерекелік іс-шараларға келушілердің саны жалпы көлемнің 39 % құраса, іскерлік мақсатта келушілер 54 % құрады, ал 7 % арнайы денсаулықты қалпына келтіру мақсатында келген. Бұл көрсеткіштерден байқайтынымыз, келушілердің көп бөлігі арнайы немесе іскер-

лік мақсатта келсе, медициналық немесе емдік-медициналық мақсатта келушілердің санының аз екендігі байқалады (Kotler 2009: 198). Ал шығу туризміне келетін болсақ, бұл көрсеткіштер сәйкесінше – 50 %, 34 %, 16 % құрайды. Яғни санаторлы-курорттық мекемелерге аттанушылардың саны 16 % құрап отыр. Шығу ішкі туризмнен шамамен 1,5 есеге көп. Бұл дегеніміз біздің азаматтар ұлттық курорттардан гөрі шетелдік курорттарды көбірек тұтынады дегенді білдіреді. Келу туризмінің төмен көрсеткіші біздің санаторияларымыз бен курорттарымыздың әлемге әйгілі еместігін және біздің инфрақұрылым халықаралық стандартқа әлі де болса сәйкес еместігін көрсетеді (<http://www.stat.kz>).

Белгілі көшбасшы – Шығыс Қазақстан облысы – басқа аймақтардан ерекшеленеді. Мұндай үлкен маңыздылық әртүрлі себептермен түсіндіріледі: халық санының көптігі мен тығыздығы, санаториялар мен курорттар санының көп болуы, инфрақұрылым дамуының жоғары деңгейі, әдемі және ерекше табиғат, рекреациялық ресурстардың көптігі және т.б. Сонымен қатар, Алматы облысы да бұндай ерекшеліктерімен мақтана алады. Бұл ресурстардың бай мүмкіндіктері мен санаториялар санымен түсіндіріледі. Жалпы айтқанда, санаториялық туризм үшін тартымды аймақ ретінде осы екі облысты атауға болады (Yessengabylova et al 2016).

Арнайы орналастыру орындарының қызметіне тоқталатын болсақ, санатория спа орталықтар: санатория қызметтерін, диспансерлердің, емдеу ісі мен интернат-үйлер. Курорттық емханалар, бальнеологиялық емханалар, балшық-

пен емдеу емханаларын; арнайы санаториялар қызметі балалар лагері қызметтерін біріктіреді. Пансионаттар, демалыс үйлері, базалары және т.б. келушілерге толыққанды демалысты қамтамасыз етеді, сонымен қатар медициналық қызметтерді ұсынады (Mukanov 2014: 220). Туристік және рекреациялық ресурстардың бағалауын келесі нысандардың мысалында бағалауға болады. Жұмбақтас пансионаты 2006 жылдан бері жұмыс істейді. Ол Бурабай өлкесінде Щучинск көлінің жағасында орналасқан. Мұндай емдеудің барлық түрі кездеседі. Климат емдеу үшін белсенді түрде пайдаланылады (Ensekov 2014: 103). Ал Қапал-Арасан санаториясы құрамында натрий хлориді сульфаты, азот және кремний қышқылдары кездесетін минералды көздерімен әйгілі. Минералды көздерді келушілер шомылуға пайдаланады. Қапал-Арасан жасыл паркінде үйеңкі мен қарағаш кең таралған. Бұл жерден Жоңғар Алатауын анық көруге болады. Қапал-Арасанның минералды бұлақтары жеңіл жылы тобына кіреді. Температурасы 35-37°C құрайды (Кап 2015: 69-78). Қостанай қаласынан 45 км жерде орналасқан Сосновый Бор санаториясын тіпті Карловы Вары, Есентуки минералды бұлақтарымен салыстыруға келеді (Fomin 2012). Бұл демалыс орны 1960-1975 жылдары ғалымдар зерттеуінен кейін белгілі болып, 1981 жылы Сос-новый Бор санаториясы болып негізі қаланды (Sydykov 1972).

Төмендегі суретте еліміздің аумағы бойынша рекреациялық аймақтардың таралуы, негізгі рекреациялық нысандар көрсетілген (2-сурет).

Туризмнің дамуы рекреациялық аймақтардың



2-сурет – Қазақстанның негізгі рекреациялық аудандары (Плохих 2011)

экологиялық тиімділігіне тікелей байланысты. Туризм экономиканың экологиялық эффективті саласы болып табылады. Туристік-рекреациялық аймақтарды дамыту үшін қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалануға бағытталған инвестициялар маңызды болып табылады. Бұл көрсеткіш Қазақстанда 2006 жылы 287,6 млн. теңгені құраса, 2011 жылы 2 есеге өсті. Дегенмен де қорықтар ұйымдастыру инвестициясы қысқарып отырған. Ал қоршаған ортаны қорғауға байланысты инвестициялар Қазақстанның облыстары бойынша: олардың көп бөлігі Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Астана қаласына жұмсалған (Охрана окружающей среды и устойчивое развитие Казахстана. Статистический сборник 2007: 160).

Қазақстан Республикасының қазіргі экологиялық жағдайын сараптай келе, оның рекреациялық территорияларға деген әсерін қарастыруымызға болады. Рекреациялық аймақтарға ең алдымен ерекше қорғалатын табиғи территориялар мен орман қорлары жатады. Олардың көлемі 2011 жылы 2006 жылға қарағанда екі есеге артқан. Ал қорық, ұлттық парктер, дендрологиялық және зоологиялық парктер, ботаникалық бақтар бұл аралықта олардың көлемі 1,5 есеге артқан.

Зерттеу нәтижелері мен тұжырымы

Қазақстан Республикасында рекреациялық ресурстарды туристік мақсатта пайдалану өте маңызды мәселе. Кестеде рекреациялық ресурстарды туризмде пайдаланудың жағымды, жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері көрсетілген (1-кесте).

Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарының экологиялық жағдайын бағалау мақсатында негізгі рекреациялық аймақ Бурабай-Щучье курортты аймағының экологиялық жағдайына баға берілді.

Табиғи объектілерді сақтап қалу және сауықтыру туралы проблемалар жалпы мемлекеттік негізде өсуде. Соңғы жылдары курорттық белдемінің экологиялық жағдайын тұрақтандыру және жақсарту мақсатында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда. Щучье-Бурабай курорттық белдемі дамуына арналған төрт бірдей және «Бурабай» Ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризм инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан

Республикасы туристік индустриясының перспективалы бағыттарын дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламалары қабылданды (Отчет о проведении экологического аудита Государственного национального природного парка «Бурабай» 2009).

1-кесте – Қазақстан Республикасында рекреациялық ресурстарды туристік мақсатта пайдаланудың SWOT-талдауы (Авторлармен құрастырылды)

<p>Жағымды жақтары: - экономикалық-әлеуметтік жағдайдың жақсаруы; - халық денсаулығының жақсаруы; - пайданың түсуі; - аймақтың дамуы және т.б.</p>	<p>Жағымсыз жақтары: - жергілікті және аймақтық туристер келуімен ластану; - рекреациялық ресурстардың кейбір түрлерінің (емдік балшықтар, минералды бұлақтар және т.б.) азаюы; - инфрақұрылым деңгейінің төмендігі және т.б.</p>
<p>Мүмкіндіктер: - рекреациялық ресурстарды туризмде пайдалану арқылы ішкі және келу туризмінің дамуы; - Қазақстанды әлемге әйгілі ету мүмкіндігі; - экологиялық білімді қалыптастыру мүмкіндігі; - шетелдіктерді тарту және т.б.</p>	<p>Қауіп-қатерлер: - экологиялық жағдайдың туристер келуімен ушығуы; - территорияға түсетін рекреациялық ауыртпалықтың артуы; - апатты жағдайлардың орын алуы - туристердің көңілінен шықпауына байланысты туындайтын қауіп-қатерлер және т.б.</p>

Бурабай өңірінің тәуелсіз еліміздің дамуы мен экономикасына қосар үлесі оның әлемді таңдандырған тамаша табиғаты екені белгілі. Қазіргі таңда түрлі антропогендік факторлар осы қайталанбас сұлу табиғаттың тынысын тарылтып, экологиясының төмендеуіне себепші болуда. Уақытында табиғатты қорғауға арналған жұмыстардың жүйелі жүргізілмеуінен соңғы жылдарда Щучье-Бурабай курорттық белдеміндегі көлдер деңгейінің таяздануы мен ластануы байқалуда. Щучье-Бурабай курорттық белдемінің рекреациялық жүктемесі жоғары болғандықтан ол айналадағы ортаға кері әсерін тигізеді (Таңғажайып өлке – Бурабай – волшебный край 2009: 328). Осыған байланысты көлдердің экожүйесін жүйеге келтіру бүгінгі таңның өзекті мәселелерінің бірі болып табылуда.

«Бурабай» МҰТП көлдер топтарын зерттеу жұмыстары өткен ғасырда жүргізілген олар гидрологиялық, гидрохимиялық және гидро-

биологиялық су құбырларының режимдері шаруашылыққа байланысты екенін көрсетеді. Шаруашылық әрекеттік суға деген сұранысы өсе келе және климаттық жағдайларының өзгеруінен көлдерге құятын су мөлшері азайды, ол су деңгейінің төмендеуіне, интенсивті эвтрофикацияға және көлдердің таяздануына әкелді. Соңғы онжылдық қарастырылған мәліметтеріне сүйенсек көлдердің су деңгейінің төмендеудің тұрақты тенденциясы (0,48-0,62 м) (Kim 2014: 113).

Көлдің суы ластанғаннан су қойма ағысының қысқаруына әкелді, көлдердің су деңгейінің төмендеуі биоқұрылымдарға, биомассаға, фитопланктондар мен зоопланктондар күрт азаюына әкелді. Осының нәтижесінде балықтың қоректенетін тамағы азая бастады, балалар ауруын жиірек кездестіре бастадық, бағалы өсімдіктер және балықтар азайып бағасы төмен балықтарға ауыса бастады. Қазіргі Бурабай көлдерінің топтарының экологиялық жағдайы нашарлаған, өйткені 90-шы жылдары бұрын да әрдайым болатын гидрологиялық және метеорологиялық бақылаулар күрт қысқарды, ғылыми зерттеулер толығымен тоқтатылды деуге болады. Тек соңғы жылдары аталған жағдай жақсарды деп атап көрсетуге болады (Мусин 1989: 192).

Табиғи объектілерді сақтап қалу және сауықтыру туралы мәселелер жалпы мемлекеттік негізде өсуде. Қолданылған жұмыстарға қарамастан Щучье-Бурабай курорттық белдемінің қазіргі экологиялық жағдайы өте қиын жағдайда болып отыр және осы проблемаларды шешу жолдарын табу керек.

Соңғы жылдары курорттық белдемінің экологиялық жағдайын тұрақтандыру және жақсартуға көп жұмыстар істелді және Щучье-Бурабай курорттық белдемі дамуына арналған 4 програмалық құжаттар қолданды. Олардың құрамына үлкен блогы экологиялық жұмыстарға арналған болып келеді (ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы 2006).

Табиғатты қорғау объектілерінің құрылысына жергілікті және республикалық деңгейде қаржы бөлінді. Щучье-Бурабай курорттық белдемінің экологиялық жағдайын жақсартуға және тұрақтандыруға осы уақыт аралығында ауданның табиғи қорғау жұмыстарына 1223.5 миллион теңге ақша жұмсалды.

Щучье қаласында, Бурабай және Қотыркөл ауылдарында тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондар және оны утилизациялауға жалпы жұмысқа 4.8 млн теңге жұмсалды. «Оқжетпес» және «Бурабай» санаторияларында қалдықтарды

шығаруға өзінің арнайы транспорты бар, ал қалған сауықтыру мекемелері ГКП «Табиғат» көмегі арқылы жұмыс істейді. Арнайы келісім-шарт арқылы сұйық және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруы туралы 33 келісім шарт Бурабай ауылының шаруашылық субъектілерімен тіркелді. ГКП «ТермоТранзит», ЖШС «Тепловик» котельныйларға арнайы экологиялық төлқұжаттары берілді (Коломин 1992: 37).

Қазақстан Республикасының биотехнологиялық ұлттық орталығындағы мониторингтер соңғы рет лабораториялық зерттеулер 2003 жылы өтті, осы зерттеудің ақпаратына сүйенсек, курорттық белдемінің көлдерінің индексі қатты ластанған және қоқыстанған болып келеді. Жалпы қоқыс мөлшері көлдерде орташа 1,5 метр. Судың ластануының басты себептері олар су жинақтау аумағының ластануы, өнеркәсіп және шаруашылық қалдықтардың су арқылы су қоймаларына ағуы, жыртылған жерлерден ағуы, лаптаушы заттарды дренируеттеген септиктерден, жағалау мен жаға маңы жерлерді тұрмыстық қалдықтармен ластанулардан себепті болып келеді (Қонаев 2003: 164).

«Бурабай» мемлекеттік табиғи паркінің мәселелерінің бірі – жергілікті халықты сумен қамтамасыз ету. Щучье қаласының шаруашылығына және ісуге арналған су Щучье көлінен алынады, жылына орташа 1 млн 300 мың м³ (Қазбеков 2005). Осының нәтижесінен жыл сайын көлдің су деңгейі түсіп жатыр. Курорттық белдемде сумен қамтамасыз ететін 17 жер асты су алаптары бар. Жыл сайын демалушылар саны көбейіп отырғасын аталған су алаптары суға деген сұранысты қанағаттандырмайды.

Қорытынды

Табиғатымыздың әсемдігін сақтап, оны тиімді пайдаланып және келешекке мұра етіп қалдыру үшін рекреациялық ресурстардың экологиялық жағдайына мән беріп, әрқашан оларға қажетті шаралар мен іс-әрекеттерді жүргізіп отыруымыз керек.

Туристік-рекреациялық ресурстарды экологиялық бағалау мыналардан көрініс табады:

- территория мен акваторияның фондық экологиялық жағдайын анықтау;
- жеткілікті экологиялық тұрақтылыққа ие және экотурларды ұйымдастыру үшін тартымды жергілікті және аймақтық ареалдарды бөліп алу;
- туристер үшін экологиялық қауіпсіздік деңгейін диагностикалау.

Қазақстан аумағындағы рекреациялық ресурстарды зерттей келе, оларды екі үлкен табиғи рекреациялық аудандарға бөліп қарауымызға болады: Бірінші топқа демалыс үшін өте тиімді шығыс, оңтүстік-шығыс және еліміздің солтүстігін жатқызамыз (Іле және Жоңғар Алатаулары, Алтайдың кейбір аудандары, Рахман бұлақтары, Бурабай-Щучье курорттық белдемі, Зеренді, Қарқаралы, Баянауыл аймақтары). Бұл аймақтар көрнекті рельеф, орман және су айдындары, бальнеологиялық ресурстары, климаттық көрсеткіштердің тиімділігімен ерекшеленеді. Ал екінші топ рекреациялық ресурстары аз мөлшерде пайдаланылатын және әлсіз экологиялық тұрақтылыққа ие (Балқаш-Алакөл зонасы, шығыс пен оңтүстік-шығыстың биік таулы аудандары және т.б.). Өкінішке орай қолда бар ресурстардың 10 % ғана қолданылуда.

Қазақстан Республикасының рекреациялық ресурстарының экологиялық жағдайын бақылап, талдай келе, экологиялық мәселелерді шешу мен экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты мынадай іс-шараларды ұйымдастыруға және ұсыныстарды жасауға болады:

- келушілерге қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану туралы білім беру;
- рекреациялық аймақ территорияларын кешенді ұйымдастыру;
- тұрмыстық және қатты қалдықтарды шығару жүйесін дұрыс ұйымдастыру;
- рекреациялық ауыртпалықты болдырмау;
- инфрақұрылым кешендерін құруда табиғатқа зиян келтірмеу;

- рекреациялық ресурстарды үнемді пайдалану және олардың сарқылуына жол бермеу;

- табиғи кешендерді қорғау және олардың жағдайын жақсарту үшін қоршаған ортаны басқарудың бөлігі ретінде табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер төлеуді енгізу керек;

- табиғат ресурстарын кешенді пайдалану керек.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында туризмді дамыту болашақтағы маңызы зор мәселелердің бірі екендігін білсек те, сұлу табиғатты келешек ұрпаққа аманат етіп қалдыруды ойласақ, экологиялық жағдайды ескеруімізге тура келеді. Бұл тұрғыдан туризмді экологиямен тікелей байланыстырып дамыту қажет болады. Туристтік саяхаттар кезінде туристерге экологиялық білім беру, табиғатты аялауға, қорғауға шақыру маңызды болып табылады. Осының негізінде экологиялық турлар ұйымдастырудың маңызы зор.

Рекреациялық ресурс, туризм және экологиялық жағдай бір-бірімен өте тығыз байланыстағы ұғымдар. Себебі, белгілі бір территорияда рекреациялық ресурстардың болуы туризмнің дамуына мүмкіндік берсе, туристердің келуімен табиғилық бұзылып, экологиялық жағдай нашарлауы мүмкін. Ал, экологиялық жағдайдың нашарлауы территорияға кері әсер етіп, рекреациялық ресурстардың жойылуына алып келуі мүмкін. Сондықтан да, кез келген әрекетті ұйымдастыруда тепе-теңдікті сақтауымыз қажет.

Әдебиеттер

- 1 Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2004. 87 б.
- 2 A Message of Head of the State of People of Kazakhstan «Nurly Zhol is WAY In the FUTURE», 2015. 250 p.
- 3 Balneology and Health Tourism: Train Aid / A. S. Cusco, O. V. Lysikova. Rostov n/D: Phoenix, 2012. 189 p.
- 4 Barzykin, Y. A., Silagadze I. R. Role and Value of the Special Economic Zones of Tourist-recreational Type for the Economy of Country. – М.: Progress, 2010. 115 p.
- 5 Герасимов И.П., Преображенский В.С. Основы теории рекреационной географии. – М.: Рекреация, 2006. – 221 с.
- 6 Ердаулетов С.Р. Туризм географиясы. – Алматы: Атамұра, 2009. – 336 б.
- 7 Ensekov A.S. Resorts of Kazakhstan. Almaty, 2014. 103 p.
- 8 Жолдасбеков Ә.Ә. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық мәселелері. – Алматы: Рауан баспасы, 2000. 37 б.
- 9 Закон Республики Казахстан «Об особо охраняемых природных территориях» от 1 июля 2006 г. № 175-III ЗРК.
- 10 Fomin, I.A., Nazarova, T.V., & Mazhitova, G.Z. (2012). Therapeutic muds of the North-Kazakhstan Region. Research in the Field of Natural Sciences, 6.
- 11 http://www.guambuildupeis.us/documents/final/volume_2/Vol_02_Ch09_Recreational_Resources.
- 12 Коломин Ю.М., Лир Т.И. Экологическое состояние озер Щучинско-Боровского курортного района в условиях повышенного антропогенного воздействия // Матер. Межд. научно-практ. конф. «Экология и устойчивое развитие» . – Петропавловск 1998. Том 2. – 37 с.

- 13 Kan, S.M., Kalugin, O.A., Murtazin, E.Zh., Kurmangaliyeva, Sh.G. & Rysmendeeva, G.I. (2015). Curative mud of Arasan-Kundzdy litter and some aspects of their genesis. News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of geology and technical sciences, 3(411), 69-78.
- 14 Kim, A. G. Strategy of Development of Resortrecreational Economies and Objects of Tourism of Kazakhstan. Almaty: «Gylym», 2014. 113 p.
- 15 Kotler, F. Marketing – Management. 11th ed. M.:Progress, 2009. 198 p.
- 16 Қазбеков А.А. Бурабай көлдерінің экологиялық жағдайы // Экологиялық жаршы газеті. №2, 2005.
- 17 Қонаев Ә.А. Қазақстан туризмі, Статистикалық жинақ. – Алматы, 2003 жыл – 164 бет.
- 18 Мусин Ж. Жер шоқтығы Көкшетау. – Алматы: Жалын 1989 – 192 бет.
- 19 Mukanov, B. O. Principles of Development of Tourism Are in Central Kazakhstan. Sayasat. 2014. 220 p.
- 20 Отчет о проведении экологического аудита Государственного национального природного парка «Бурабай» // Центр охраны здоровья и экопроектирования. – Алматы, 2009 г.
- 21 Охрана окружающей среды и устойчивое развитие Казахстана. Статистический сборник. – Астана, 2007. – С. 160.
- 22 Official Web-site of Statistics. The Internet is a Resource. <http://www.stat.kz> (date of access: 21.11.2015).
- 23 Плохих Р.В., Гуляева Т.С., Абулхатаева Л.Ю., Гасанова Н.П., Хен А.П., Зильгараев А. Рекреационная освоенность Республики Казахстан. – Алматы, 2010. 46 б.
- 24 Плохих Р.В. Методические основы анализа свойств ландшафтов рекреационного использования с применением дистанционной информации. – Алматы, 2008. – 98 с.
- 25 Плохих Р.В., Хен А.П., Зильгараев А.К. Национальный туристский атлас: важность создания и значение для развития индустрии отдыха и туризма в Республике Казахстан. – Алматы, 2011.
- 26 Resort Business: Train / aid of EE Suxarev. – М.: Omega-L, 2012. 254 p.
- 27 Sydykov, Zh.S. et al. (1972). Medicinal mineral waters of Kazakhstan. – Alma-Ata.
- 28 Таңғажайып өлке – Бурабай – волшебный край // Қазақ энциклопедиясы – Алматы, 2009. – 328 бет.
- 29 Yessengabylova A., Bekbulatova A., Suraganova S., Bissekov A., Zhumanova B. Recreational Potential of Kazakhstan and Prospects of Medical Health Tourism in This Country. INTERNATIONAL JOURNAL OF ENVIRONMENTAL & SCIENCE EDUCATION, 2016. VOL. 11, NO. 15, 8447 p.
- 30 Zambinova G. K. Bekisheva S.T. ASSESSMENT OF TOURIST-RECREATIONAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN. // Сетевой журнал «Научный результат». Серия «Технологии бизнеса и сервиса». – Т.1, №4(6), 2015.

References

- 1 Alieva Zh.N. Turizmologiya negizderi. Almaty. Kazakh universiteti, 2004. 87b.
- 2 A Message of Head of the State of People of Kazakhstan «Nurly Zhol is WAY In the FUTURE», 2015.250 p.
- 3 Balneology and Health Tourism: Train Aid / A. S. Cusco, O. V. Lysikova. Rostov n/D: Phoenix, 2012. 189 p.
- 4 Barzykin, Y. A., Silagadze I. R. Role and Value of the Special Economic Zones of Tourist-recreational Type for the Economy of Country. M.: Progress, 2010. 115 p.
- 5 Gerasimov I.P., Preobrazhenskiy V.S. Osnovy teorii rekreatsionnoy geografii. – M.: Rekreatsiya, 2006. – 221s.
- 6 Yerdautov S.R. Turizm geografiyasy. – Almaty.: Atamura, 2009. – 336b.
- 7 Ensekov A. S. Resorts of Kazakhstan. Almaty, 2014. 103 p.
- 8 Zholdasbekov A.A. Kazakhstan Respublikasynda turizmdі damytudyn aleumettik-ekonomikalyk maseleleri. Almaty. Rauan baspasy, 2000. 37b.
- 9 Zakon respubliki Kazakhstan ob ososbo okhraniyaemyh territoriyah ot 1 iyulya 2006 g. № 175-III ZRK.
- 10 Fomin, I.A., Nazarova, T.V., & Mazhitova, G.Z. (2012). Therapeutic muds of the North-Kazakhstan Region. Research in the Field of Natural Sciences, 6.
- 11 http://www.guambuildupeis.us/documents/final/volume_2/Vol_02_Ch09_Recreational_Resources.
- 12 Kolomin Yu.M., Lir T.I. Ekologitsheskoe sostoyanie ozer Shutshisko-Borovskogo kurortnogo raiona v usloviyah povyshennogo antropogennogo vozdeistviya. Petropavlsk 1998, tom2, 37s.
- 13 Kan, S.M., Kalugin, O.A., Murtazin, E.Zh., Kurmangaliyeva, Sh.G. & Rysmendeeva, G.I. (2015). Curative mud of Arasan-Kundzdy litter and some aspects of their genesis. News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of geology and technical sciences, 3(411), 69-78.
- 14 Kim, A. G. Strategy of Development of Resortrecreational Economies and Objects of Tourism of Kazakhstan. Almaty: «Gylym», 2014. 113 p.
- 15 Kotler, F. Marketing – Management. 11th ed. M.:Progress, 2009. 198 p.
- 16 Kazbekov A.A. Burabay kolderinin ekologiyalyk zhagdaiy. Ekologiyalyk zharshy gazeti. №2, 2005.
- 17 Konayev E.A. Kazakhstan turizmi, 2004 zhyl. Statistikalik zhinak. Almaty, 2003 zhyl – 164 bet.
- 18 Musin. Zh Zher shoktygy Kokshetau. Almaty. Zhalyn 1989 – 192 bet.
- 19 Mukanov, B. O. Principles of Development of Tourism Are in Central Kazakhstan. Sayasat. 2014. 220 p.
- 20 Otshet o provedenii ekologitsheskogo audita Gosudarstvennogo natsionalnogo prirodnogo parka Burabay. Almaty, 2009 g.

- 21 Okhrana okruzhaiushei sredy I ustoitshivoe razvitie Kazakhstana. Statistitsheskiysbornik. Astana, 2007. – s. 160
- 22 Official Web-site of Statistics. The Internet is aResource. <http://www.stat.kz> (date of access: 21.11.2015).
- 23 Plokhikh R.V., Guliayev T.S., Abulkhatayev L.Iu., Gasanova N.P., Khen A.P., Zilgarayev A. Rekreatsionnaya osvoennost Respubliki Kazakhstan. Almaty, 2010. 49b.
- 24 Plokhikh R.V. Metoditsheskie osnovy analiza svoistv landshaftov rekreatsionnogo ispolzovaniya s primeneniem distansionnoy informatsii. Almaty, 2008. 89b.
- 25 Plokhikh R.V., Zilgarayev A.K., Khen A.P. Natsionalnyi turistskiy atlas: vazhanost sozdaniya I znatshenie dliya razvitiya industriya otdykha turizma v respublike Kazakhstan. Almaty, 2011.
- 26 Resort Business: Train / aid of EE Suxarev. M . :Omega-L, 2012. 254 p.
- 27 Sydykov, Zh.S. et al. (1972). Medicinal mineral waters of Kazakhstan. Alma-Ata.
- 28 Tangazhaiyp olke – Burabay – volshebnyi kray // Qazaq ientsiklopediyasy – Almaty, 2009. – 328 bet.
- 29 YessengabylovaA., Bekbulatova A., Suraganova S., Bissekov A., Zhumanova B. Recreational Potential of Kazakhstan and Prospects of Medical Health Tourism in This Country. INTERNATIONAL JOURNAL OF ENVIRONMENTAL & SCIENCE EDUCATION, 2016. VOL. 11, NO. 15,8447 p.
- 30 Zambinova G. K.Bekisheva S.T. ASSESSMENT OF TOURIST-RECREATIONAL RESOURCES OF KAZAKHSTAN. Setevoi zhurnal «Nautshnyi rezultat»ю Seria «Tehnologii biznesa I servisa». – T.1, №4(6), 2015